



XҒТАР 17.82.94
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-193-205>

Мемуардың жанраралық сипаты

З.Т. Галымжанова¹ , К.М. Байтанасова²¹ 
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹zauire.galymzhanova@mail.ru, ²k.baitanasova@mail.ru*)

Аңдатпа. Мақалада әдебиеттегі эпостың бір түрі болып табылатын мемуардың жанраралық ерекшелігі қарастырылады. Естелік пен очерктің өзіндік сипаты мен белгілерін, өмірбаян, саяхат жазбалары және басқа да осыған ұқсас деректі - көркем шығармаларға сипаттама берілген. Зерттеуші ғалымдардың пікірін басшылыққа ала отырып мемуарлық романдардағы негізгі белгілер деректік ақпараттар оны публицистикаға ұқсатқанымен, мемуардың кейбір ерекшеліктері арқылы оның көркем әдебиетке жататынын ашып көрсетуге талпыныс жасалды. Мемуарлар көркем әдебиет және әдебиеттің деректі жанрларының: өмірбаяндық хикаяттар, тарихи роман, хроника, роман-өмірбаян, очерк, күнделік, жол жазбалары, хаттарды, эссе (роман-эссе, повесть-эссе) және т. б. элементтерін кеңінен пайдалануымен (бұлар мемуарда тарихи дерек, ал көркем әдебиетте көркемдік әдіс ретінде пайдаланылады) ерекшеленетіні дәлелденді. Мемуарлық туындылардың, мемуарлар мен эссе, естеліктер әдебиетімізде ежелден бар эпика жанрындағы дәстүрлерді жалғастырып қана қоймай, оқырманның рухани сұраныстарына жауап бере отырып, сөз зергерлерінің шығармашылық көкжиегін кеңейтіп, олардың қаламгерлік шеберлігін жетілдіруде үлкен мектеп болғаны дәйектелді. Мемуарлық жанр очерк, эссе, күнделік, эпистолярлық туындылар, автобиографиялық әңгіме, повесть, роман, хроника, публицистикалық мақала, жазбалар, репортаж элементтерін біріктірген синтетикалық құрылым екендігі негізделді.

Түйін сөздер: мемуарлық роман, өмірбаяндық баяндау, саяхат жазбасы, ретроспективтілік, күнделік, очерк, деректілік.

Түсті: 28.01.2025; Жөнделді: 30.04.2025; Мақұлданды: 04.06.2025; Онлайн қолжетімді: 25.06.2025

¹ Хат-хабар үшін автор

Кіріспе

Проза сонау қайта өрлеу дәуірінен бастау алып, поэзия жанрынан бөлініп шыққан жанрлардың бір түріне жатқызылады. Рабғузи, Д. Дефо, Бабырдың шығармаларынан бастау алатын проза жанры бүгінге дейін жетіп, әдебиет саласында ерекше даму үдерісінде тұрған жанрдың бірі болып саналады.

Қазақ прозасының әдебиетте айшықты із қалдырып келе жатқан елеулі саласының бірі – мемуарлық романдар. «Мемуар, естелік (фран. *mémoires* - еске алу), автордың өз көзімен көрген, катысып, араласқан оқиғалар жайындағы жазбалары өмірбаян түрінде, күнделік түрінде, жол жазбалар түрінде кездеседі. Қандай үлгіде жазылса да, әдеби шығарма жай естелік болып қалмайды. Естелік немесе өмірбаян, күнделік түрлерін пайдалану көркемдік тәсіл ретінде қолданылады, шығарманың өмірдегі болған оқиғаларға, нақтылы деректерге сүйеніп жазылғанын көрсетеді. Сонымен бірге мемуарлық көркем шығармаларда белгілі тарихи кезеңнің айтарлықтай мәні бар оқиғалары іріктеліп алынып, жинақталып бейнеленеді. Жазушы өзі көрген, білген оқиғаларды әр түрлі адамдардың мінезін, іс-әрекетін, сол кездегі алған әсерін сақтай отырып, сондағы көңіл-күй әуенімен суреттейді. Алайда жазушының сол өткен шындықты еске алып, қорытып, өзінше бағалап бейнелеуіне шығарманы жазған кездегі уақыт тынысының да ықпалы болмай қалмайды. Мемуарлық шығармада автордың өзі көріп, білген жайларды, әр түрлі адамдардың әрекетін анықтап, айғақтап айтатыны – бұл жанрдың өзгешелігі және артықшылығы» [1, 226].

Мемуар - өткен кезеңнің тарихи-әдеби құжаты ретінде ғана емес, белгілі бір жанрдағы заңдылықтар бойынша жазылған әдеби шығармалар, өзіндік поэтикалық құрылымы және баяндау формаларының типологиясы қалыптасқан әдебиеттегі ерекше жанр.

Жанрдың негізгі белгілері оның әдебиет тарихында өмір сүру процесінде қалыптасты және тарихи жағдайларға, әдеби дамудың ерекшеліктеріне, авторлық даралыққа қарамастан, оның параметрлері өзгеріссіз қалады.

Мемуарлық романдарға тән өзіндік сипаттардың бірі - олардың мазмұнындағы тәрбиелік, өнегелік ұстанымның басымдылығы. Бас қаһарман мен оның айналасындағы адамдардың күрес жолында байқалып отыратын ұнамды қасиеттері, мінез-құлықтары, адами келбет-пішіндерімен бірге жекелеген кемшіліктері, болмыс-бітімдеріндегі олқылықтары оқырман үшін сабақ. Көркемдік деңгейінің қандай екендігіне қарамастан, бұл ерекшелік – кез-келген мемуарлық романдан табылуға тиісті қажетті әлеуметтік атрибут. Қазақ оқырманына бұл жанрдағы шығармалардың біршама қызықты да мағыналы болып көрінуі сондықтан. Авторлардың жас кездерінде бастан кешкен оқиғалары, жетістіктері мен жансақтықтары түрлі ойға жетелей отырып, өнегелік сипатын ашады.

Мемуарлық туындылар оқырман үшін жекелеген белгілі адамдар жайлы деректерімен де құнды. Кейінгі буынды былай қойғанда, халыққа белгілі тұлғалардың мінез-құлқындағы, өмірлік ұстаным-қозғарастарындағы қатар жүрген замандастары да аңғара бермеген кейбір мағлұматтарды көлденең тарту - мемуарлық романдардың салмағын арттыра түсетін танымдық факторлардың бірі болып табылады.

Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық романдарды жанр болмысына тән көркемдік ерекшеліктеріне қарай талдап, тарихи-көркемдік мәнін дәйектеп, жанр ретіндегі сипатына анықтама берген ғалым Н. Ақыш мемуарлық романдарды төмендегідей топтастырған: «Қазақ мемуарлық романдары жекелеген мазмұндық-көркемдік сипаттарына орай былайша алты түрге жіктелді: эпопеялық мемуарлық роман (дәуір портретінің

эпопеялық шығармаға тән кең тыныспен жазылуы), тақырыптық мемуарлық роман (мемуар авторының өз өмір жолдарын белгілі бір тақырып төңірегіне орайластырып жазуы), әлеуметтік-айшықты мемуарлық роман (автор-кейіпкердің тағдыры, өсу жолдары мүмкіндігінше көркем шығарманың табиғатына жақындата берілуі), монологты мемуарлық роман (алдыңғы қатарда автордың субъективтік танымының басымырақ көрінуі), естелік мемуарлық және шежірелік мемуарлық романдар» [2, 399].

Қазақ әдебиетінде екінші мыңжылдықтан бастап мемуаристика, эссе тақырыптарына ғалымдардың, әдебиеттанушылардың, сыншылардың қызығушылықтары артып, зерттеу нысанына айнала бастады. Нәтижесінде аталған жанрды зерттеуге байланысты бірнеше монографиялық еңбектер жазылды. Мысалы, Б. Қожахметовтің «Әбділда Тәжібаев – мемуарист – жазушы», Н. Балтабаеваның «Қазақ роман-эссе жанрының қалыптасу тарихы, оны оқытудың даралық-дәстүрлік ұстанымдары», Н. Ақыштың «Қазақ мемуарлық романы» монографиясы, Н. Омаровтың «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі ғұмырнамалық (автобиографиялық) романдардағы тарихи дерек пен көркемдік шешім (Ә. Нұршайықов, М. Мағауин, Қ. Жұмәділов романдары бойынша)», «Тәуелсіздік жылдардағы мемуарлық романдар, Қ. Ерғобектің «Сарасөз», Ә. Кәкенованың «Қазақ прозасындағы М. Әуезов бейнесі және шығармашылық тұлға концепциясы» зерттеулерін айтуға болады. Бұл еңбектерде мемуарлық проза жанрының мәселелері жан-жақты зерделенеді.

Әдіснама

Мақаладағы пікірлерді дәлелдеу ғылыми дереккөздерге сүйене отырып жүргізілді. Жұмысты жазу барысында материалды жинау, мәтінді талдау, салыстыру әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Алғашында мемуарлық шығармаларда отбасы жағдайлары, тұрмыстың күрделі ахуалы мен деректі әулет шежіресі сондай-ақ, автордың арман-қиялынан тұратын ой түйткілдері орын алады. Алғаш әлемдік әдебиет пен философия тарихында күнделік қалпында туып, кейін халық қажетіне айналған деректі мемуар үлгілері аз емес. Айталық, XV ғасырдағы Филипп де Каминнің «Мемуарлары», XV-XVI ғасырлардағы Бабырдың «Бабырнаме» еңбектері, декабристердің мемуарлық жазбалары - бәрі әуел баста күнделік жазбалар ретінде өмірге елеусіз түрде келген. Кейін тарихи сипатқа ие болды. Әлем философтарының «Карманный оракул» аталатын қойын кітапшалары да әуелі күнделікті әдепкі жазбалар ретінде дүниеге келген. XVIII ғасырда испан философы Бальтасар Грасианның «Қойын жазбалары» аталатын кітаптарын, XVIII ғасырдағы Марко Полоның жазбаларын, неміс философы Г.К. Лифтенбергтің «Афоризмдерін» де атауға болады.

Қазақ әдебиетінде халқымыздың XIX ғасырдағы ұлы ағартушысы Шоқан Уәлихановтың тарихи, этнографиялық мәліметтерге бай «Ыстықкөл күнделіктері», «Қашқар күнделіктері» жазылды.

Мемуар жанрының шығу тегі көне орыс әдебиетінен бастау алғанымен, шын мәнінде даму, қалыптасу кезеңдері – XVIII-XX ғасырлар. Оның үздік классикалық үлгілері К. Гольдонидің «Мемуарлары», А. Герценнің «Көргендер мен ойлары», М. Горькийдің «Менің университеттерім», С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі», С. Айнидің «Бұқарасы», С. Мұқановтың «Өмір мектебі», т.б. жатады [3, 473].

Мемуарлық шығармалар жайында сөз еткенде ең алдымен жанр табиғаты еске алынады. Сол себепті бұл жанрдың өзіндік айырмашылығымен бірге, әр жазушының стильдік ерекшелігін де тануға болады. Суреткердің өмірін әлеуметтік қоғамдық тарихи жағдайлармен ұштастыруда М. Горький мемуарлық шығармалардың небір таңдаулы үлгілерін тудырды. Оның «Балалық шақ», «Кісі есігінде» атты шығармалары бірімен-бірі жалғасып келеді де, дәуір сипатын танытады.

«Қазақ прозасы тарихындағы мемуар жанрының даму үдерісі өзіне тән бірқатар ерекшеліктерді айқындады. Бұл жанрдың бастауында тұрған М.Х. Дулатидың «Тарих-и Рашиди» атты көлемді туындысының орны бөлек. Біріншіден, әдеби жәдігер болып есептелгенімен, оның тарихи құндылығы басым, фактілер мен деректердің шежіре көзі екендігі дау туғыза қоймаса керек. Екіншіден, бұл бүгінгі қазақ әдеби тілінен алыс парсы тілінде жазылған. Авторы қазақ болғанымен, тілі бөтен және баяндалатын оқиғалардың басым көпшілігі қазақ тарихына тікелей қатысы шамалы жайлар екендігін де ескеру келмек. Үшіншіден, қазақ мемуарының алғашқы қарлығашы ретінде танысақ та, бұл шығарма қазақ мемуарына дәстүрлі жол салып бере алған жоқ. Өйткені оның әдеби қауым мен оқырмандарымызға таныс бола бастағанына кейінгі оншақты жылдың жүзі ғана. Оған дейін, басқасын айтпағанда, бұл туындының аты бұқара жұртшылыққа жақсы танымал болған еді деп кепілдік беру қиын. Қазақ мемуарлық романдарының ешқайсысына «Тарих-и Рашиди» белгілі бір ықпал жасай алды деп тұжырымдауға негіз жоқ» [2, 26].

Мемуарлық шығармалар лирикалық әңгіме, өмірбаяндық баяндау, әдеби портрет, саяхат жазбалары, күнделік жазбалар, эссе және т.б. әртүрлі жанрлық белгілерді біріктіретін күрделі құрылым болғанымен олардың ортақ бір деректі негізі бар. Барлығы өз авторларының өміріндегі оқиғаларға негізделген, соның ішінде интеллектуалды қалыптасу процесі, рухани-дүниетанымдық ізденістері баяндаушының атынан жазылған. Мұндай баяндаудың ерекшелігі – бұл әңгіме болып жатқан оқиғалар туралы ақпаратты авторлар өз жадынан, өткен өмір жолдарынан алады.

Мемуаристикада, эсседе негізгі жанр түзуші доминанттар «жады» және «субъективтілік» болып табылады. Ақпараттың нақтылығы, шынайылығы және сонымен бір мезгілде авторлық көзқарастың үстемдігі жанрдың ерекшелігін құрайды. «Мемуарды деректі және көркем шығарманың туындысы ретінде қарастыруға болады, яғни жай ғана деректі-тарихи фактілерді көшіру емес, эстетикалық және этикалық маңызы бар әдеби шығарманың бір түрі, тарихи оқиғаларға куә болған кейіпкерлер. Әдетте, естелік тарихи оқиғаның куәсі болған қатысушының деректі жазба-мәліметтері негізінде жасалады. Қатысушылардың немесе куәгерлердің мұндай естеліктері қандай да бір себептермен басқа дереккөздерде сақталмаған фактілерді нақтылауға көмектеседі» [4].

Әдебиет сөз өнері ретінде екі тенденцияның арақатынасына негізделген: деректі-нақты әлемнің шынайы жағдайларын жаңғырту және көркемдік-шындықты бейнелі түрде қайта құру. Нәтижесінде әдебиеттің көп бағытты міндеттері қалыптасады: шындықты сол күйінде көрсету және оны өзгерту, нақты, кейде одан түбегейлі ерекшеленетін ерекше шартты көркем әлем құру. Бұл міндеттер баяндаудың екі түрлі типтері шеңберінде жүзеге асырылады да бұл құжатнамалық және көркем әдебиеттің пайда болуына әкеледі.

Әр деректің ақиқатын бейнелеуде әдеби мүмкіндіктерді шебер үйлестіре білу көркем және деректі шығарманың маңызды жетістігі болып табылады. Әдебиеттегі құжаттаманың жандануына түрткі болған түсініктер де әртүрлі. Бұл әлем жайлы сенімді білімге деген

үлкен қажеттілік, оны әдеттегі ақпарат құралдарының көмегімен толық қанағаттандыру мүмкін емес. Сондай-ақ бұл мәдениеттегі, өмір салтындағы дағдыларды бекіту кезіндегі жеке принциптің құндылығын түсіну.

Құжат (латын тілінде «documentum» - «куәлік», «дәлел») онда жасалған ақпараттың дұрыстығын негіздейді. «Құжат» ұғымы тар және кең мағынада қолданылады. Тар мағынада «құжат - қандай да бір фактіні растайтын іскерлік дерек». Бұл тұжырымдаманы кеңейте түсіндіру мүмкіндігі қосымша анықтамада көрінеді: «құжат – уақыт пен кеңістікте оны беруге арналған ақпаратпен бекітілген жазбаның материалдық тасымалдаушысы (қағаз, кино және фото пленка, магнитофон таспасы, перфокарта және т.б.). Құжаттарда мәтіндер, суреттер, дыбыстар және т.б. болуы мүмкін» [5].

Демек, құжат – бұл қоршаған ортаның шындығы туралы жазбаша куәлік қана емес, сонымен қатар кез-келген материалдық куәлік (фотосуреттер, картиналар, сәулет құрылыстары, мүсіндер және т.б.). Шындықтың барлық материалдық көріністерінің әдеби сипаттамасы, сондай-ақ автордың куәгер немесе қатысушы ретіндегі бақылаулары шығарманың құжаттық негізіне органикалық түрде енеді.

Мемуарлардың мәні оларды көркем деректі жанрлық парадигмасымен байланыстыру кезінде айқын көрінеді. Мемуаристиканың жалпы анықтамасы іс жүзінде ешқандай келіспеушілік тудырмайды.

Бұл жанр сонымен қатар тұлға психологиясына терең зерттеу жасап, оқырманға автор ойының берілу тәсілін ұғындырады. Сондықтан мемуарлық туындыны тек қана «тарихи естелік» деп емес, оқиганы өзі арқылы өткізген деректі туынды деп бағамдауға болады. Мемуарлық романдар көркемдік жинақтаудан алшақ емес, бірақ көркем әдебиеттегідей аса еркіндік болмаса да өзіне тән көркемдік жинақтауды жүзеге асырады. «Мемуар – адамның өткен оқиғалар туралы олар көрген немесе қатысқан жазбалары» [6]. Анықтамада көрсетілгендей, мемуарлар – осы оқиғалардың замандасы немесе қатысушысы жасаған өткен оқиғалар туралы естелік жазбалары екені мәлім.

Көркем-деректі әдебиеттің әр түрлі жанрлар мен жанрлық дамыған жүйесі бар: тарихи, өмірбаяндық, мемуарлық, автоөмірбаяндық, эпистолярлық; күнделіктер, дәптерлер, саяхаттар, әдеби журналистика жанрлары. Олардың әрқайсысы көркем және деректі прозаның өзіне тән белгілерін сіңіре отырып, өзіндік рефлексия мен зерттеу объектісіне, шығармашылық жоспарды жүзеге асырудың дербес принциптеріне ие.

Әр жанрдың және оның әртүрлілігінің ерекшелігі тәуелсіз өмір сүруде ғана емес, сонымен қатар жанрлық формациялармен өзара әрекеттесуде де көрінетінін зерттеуші Г.Поспелов: «... олардың жүйесін құруға тырыспастан, тек жекелеген жанрларды зерттеу... оң нәтижелерге әкелуі мүмкін емес. Кейбір жанрларды басқалармен салыстырусыз олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігін анықтау қиын», - деп тұжырым жасаған [7, 48].

«Естелік, табиғатында мемуарлық жанр. Солай бола тұра, естеліктің әдеби сынға әбден қатысы бар» [8]. Естеліктер мен мемуарда әңгіме автордың немесе қатысушының, я болмаса куәгердің атынан жазылған жазбалар түрінде баяндалады. Бірінші жақтан мазмұндау формасы бойынша егжей-тегжейлі сюжеттік желілердің болмауы, өз өмірбаянындағы оқиғаларға негізделген фактографиялық және хроникалық естеліктер күнделік пен өмірбаянға өте жақын. Сондықтан кейде күнделік, естелік және өмірбаяндық прозаның ара жігін ажырату қиын.

Уақыттың ерекше үлгісі – авторлардың әдебиетке көркем шығармаларының емес, естеліктерінің енуі. Мемуаристиканы зерттеу мемуарлық мәтіндерді жасау тәжірибесінен

артта қалғаны анық. Естеліктердің жанрлық белгілері көп жағдайда естеліктердің деректі түріне байланысты қарастырылды.

Орыс әдебиетшісі А.Г. Тартаковский: «Мемуаристика (сөздің кең мағынасында) мәні жағынан ерекше тарихи жады және ұрпақтардың рухани сабақтастығының бірегей құралы және қоғамның өркениеттілігі деңгейінің көрсеткіші, сонымен қатар, оның өзінің өткеніне, демек, өзінің болмысына саналы қарым-қатынасын көрсетеді», – деген пікірін алға тартқан [9, 12].

Мемуарлық романның ерекшелігі – автордың жеке тәжірибесі мен қоғамдық пікір арасындағы байланыс, соның нәтижесінде мемуардың мазмұндық-идеялық қақтығыстарының туындауы. Бұл қақтығыстар жанрдың дамуына ықпал етеді. Тақырыптық өзгешеліктер мен қайшылықтар мемуар жанрының табиғатына тән, өйткені автор өзінің жеке сезімі мен көзқарастарын жеткізген кезде қоғамдағы түрлі пікірлер мен көзқарастарды да ескеруі қажет. Бұл өз кезегінде автордың субъективтілігі мен объективтілігі арасындағы күресті тудырады. Осылайша, мемуарлық роман өзінің жанрлық ерекшелігін сақтай отырып, әлеуметтік-мәдени контекстке де әсер етеді. Сонымен қатар, мемуар жанрының өзектілігі мен дамуы осы қайшылықтар арқылы жанрға жаңа қырынан жаңалық қосып, оны одан әрі тереңдете түседі.

Мемуарлық жанрдың тағы бірнеше маңызды ерекшеліктері бар. Алдымен, өткен оқиғаларды кейінгі кезеңнің биігінен бағалау, яғни автордың өзінің өткен өміріндегі оқиғаларды қазіргі көзқарасымен қайта бағалауға мүмкіндігінің болуы. Бұл мемуардың маңызды аспектісі болып табылады, өйткені автор сол кезде көргені мен сезінгені туралы жазғанымен, кейінгі өмірінің тәжірибесі мен ой-санасының әсерінен сол оқиғаларға жаңа мән беруі мүмкін. Келесі ерекшелік - шығарма мазмұнын өткен оқиғалардың нәтижелерімен толық елестету. Мемуаршы оқиғаларды баяндап қана қоймай, олардың нәтижелерін де қамти отырып, толыққанды суреттейді. Бұл оқиғалардың сабақтастығын көрсетеді және олардың бүгінгі күнде қалай қабылданып, қандай әсер қалдырғанын түсінуге көмектеседі.

Автордың жадысы – өткен оқиғаларды еске түсіру мен оларды таңдау әдісі, ол тарихи шындықты қалпына келтіру үшін маңызды құралға айналады. Мемуаршы өткен оқиғаларды өз субъективті көзқарасы, түсінігі мен қабылдауы негізінде іріктеп алады. Бұл өз кезегінде белгілі бір оқиғалардың немесе жағдайлардың тұрмыстық-әлеуметтік аспектілерін басқа бір қырынан көрсетуге алып келуі мүмкін. Осылайша, мемуар жанры, объективтілікке қарамастан, автордың жеке қабылдауына, естеліктеріне, сезімдеріне тәуелді болады.

Мемуарлық роман мен деректі туынды арасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды зерделер болсақ, ұқсастығы нақты деректер мен фактілер негізінде жазылуында, тарихи немесе нақты оқиғалар мен жағдайларды баяндағанымен, олардың мазмұны нақтылыққа сүйенеді. Образды қолдану мен көркемдік принциптер тұрғысынан келгенде деректі шығармаларда нақты оқиғалар мен фактілерді жай ғана баяндау маңызды болса, мемуарлық роман сол оқиғаларды көркем образдар, ішкі сезімдер мен терең ойлар арқылы жеткізеді. Мемуарлық романға көркемдік құралдар мен әдеби тәсілдер тән, ол оқиғаларды эмоционалды, тұлғалық тұрғыдан баяндауға мүмкіндік береді. Тілдік, стильдік ерекшелігі деректі туындылар көбінесе қасаң тілмен жазылады, өйткені олардың басты мақсаты – нақты ақпаратты жеткізу. Ал мемуарлық романның тілі әдетте бай, көркем, эмоциялық тұрғыдан әр түрлі болуы мүмкін, себебі ол автордың

жеке тәжірибесін, ойларын тереңірек, көп қырлы етіп көрсетуге бағытталған. Мемуарлық роман тек деректерді ғана емес, сонымен бірге автордың субъективті көзқарасы мен эмоцияларын да қамтып, оқиғаға көркемдік өң беру арқылы ерекшеленеді.

XX ғасыр мемуарын зерттеуші Т. Колядич: «Мемуарлық шығармалардың» құрылымында автобиографиялық элементтердің болуы «Проза жанрлары жүйесінде дербес білім ретінде мемуаристиканың пайда болуына түрткі болды», - дейді. Зерттеуші мемуарды «лирикалық повестердің, өмірбаяндық повестердің, әдеби портреттің элементтері қосылған күрделі құрылым», – деген анықтама береді. «Автор сыртқы әлемнің оқиғалары мен детальдарына назар аудармайды, ол қоршаған ортаны тану процесін, сананың ішкі және тысқы әлемі арасындағы өзара байланысты бейнелейді», - дейді. Ғалым XX ғасырдың жазушылық мемуаристикасындағы субъективтік әдістің форма тудырушылық ролін көрсетеді: «Тек модернистік шеңбердің өкілдері ғана өткенді роман түріндегі кең баяндаудың формасына әкелді. Өз өміріндегі оқиғаларды өмірбаяндық баяндау түрінде беру өткен ғасырдың 20-30 жылдарының аяғында да жалғасын тауып, модернистік қозғалыстың көрнекті өкілдерінің естеліктері жарияланды. Материалдарды тарихи фактілердің берілу ретімен сәйкестендіріп, оған әдебиеттегі жеке өмір жолының тарихын енгізіп, жазушылар көрнекті құбылыстар типімен үндесетін ірі формадағы шығармалар тудырды», - деп саралайды [10, 29].

Мемуаристика ретроспективті бола тұрса да, тарихи прозаға іргелес, оның бейнелеу объектісі де өткенге айналады. Тарихи проза бейнеленген автордың айқын қатысуын жоққа шығарады, ал естеліктер өткенді бірінші жақтан баяндау түрінде көрсетеді. Автор өз шығармасының толық заңды кейіпкері, өткен оқиғалардың куәгері және қатысушысы болып табылады. Ол уақыт пен кеңістіктің ортақтығымен байланысты басқа қатысушылармен еркін байланыста болады. Тарихи прозада кейіпкерлердің хронотопы авторға ешқандай қатысы жоқ, ол сырттай көрінбейді, «жүзеге аспайды».

Тарихи прозадағы бейнелеу және аналитикалық зерттеу нысаны – бұл біртұтас, ал мемуаристика тарихи оқиғалар мен өмірбаяндық жағдайлардың көрінісі аралығына назар аударады. Бұл жағдайда объективті және субъективті факторлардың өзара әрекеттесуінде пайда болады. Сонымен, тарихи және мемуарлық прозаның арасындағы негізгі айырмашылық өткенді бейнелеудің субъективтілігімен байланысты, дәлірек айтсақ, бұл субъективтілік дәрежесі туралы болады. Тарихи проза өткенді құжаттық дереккөздер негізінде қалпына келтіреді. Мемуарист үшін болған нәрсені қайта құрудың негізгі жолы – есте сақтау. Құжаттарды таратуға жол берілмейді, бірақ оларға қызметтік, иллюстрациялық рөл беріледі. Оқиғалар мен олардың әдеби көрінісі арасындағы уақыт қашықтығы да бірдей емес. Мемуардың тақырыбы – бұл мемуаристің жадында бейнеленген оның бергі (бір адам өмірінің ішінде) өміріндегі процесс. Тарихи баяндау бейнеленген уақыттан едәуір қорғалған, автордың жадымен қамтылмаған, өйткені жанр шарттарының бірі өткеннің қоғамдық санамен бейнеленуін қалайды.

Мемуарлық және өмірбаяндық прозаның арақатынасы мемуардың маңызды белгілерінің бірін – ашық көрінетін жеке басын айқын көрсетеді. Өмірбаянға тән кескін объектісін сақтай отырып, баяндаудың субъективті принципі жанрдың өзін өзгертуге әкеледі.

Өмірбаян – кез-келген адамның өмірлік сипаты. Оның көркем және деректі жанрлар иерархиясындағы орны тарихи проза мен мемуаристика арасындағы аралық (сонымен бірге ол автономды жанр бірлігінің барлық белгілерін сақтайды) сипатта. Тарихи проза

ретінде ол объектінің авторына қатысты сыртқы көріністі аналитикалық бейнелеумен байланысты. Өмірбаянда бұл нақты адамның өмірі мен қызметі арқылы көрінеді. Сонымен қатар, қоршаған әлем өзін-өзі бейнелейтін объектіге емес, өмірбаян кейіпкерін сипаттайтын құралға айналады.

Өмірбаяндық мотивтер жанрдың ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Жазбалар мен күнделіктер мемуарист игерген бастапқы деректі көз ретінде пайдаланылады немесе мемуарлық баяндау осы жанрлардың пішінін ішінара қайталайды. Барлық көркем және деректі проза сияқты, құжатты, мемуарды пайдалану оны ассимиляциялап қана қоймайды, сонымен қатар басқа көркем және деректі (құжат ретінде) шығармалардың үзінділерін қамтуы мүмкін.

Публицистика – көркем және деректі прозаның ерекше бөлімі, өзінің жанрлық жүйесін (эссе, мақала, репортаж және т.б.) қамтиды. Публицистиканың басты ерекшелігі – тікелей мәлімдеме. Сөз, образ, факт, авторлық пікір әртүрлі түсіндірулерді жоққа шығарады, тікелей мағынаға ие, бұл нақты құбылыстардың мәнін жалпылауға қарсы емес. Ашықтық мемуаристикада да, ашық авторлық бағалауда, ақпараттық деңгейде көрінеді. Оқырманға ұсынылатын материалды таңдау нәтижесінде мемуарлық проза мен публицистика бейнеленген құбылыстар туралы өзіндік тұжырымдама жасайды. Мемуар мен журналистиканы уақыт факторы күрт ажыратады. Публицистика қазіргі заманға бағытталған, естеліктер өткенге бағытталған. Осыған байланысты әртүрлі мақсатты көзқарастар бар: адам болудың тарихи жинақталған тәжірибесін (мемуарда) көрсету және қазіргі өмір процесінің қозғалысын (публицистикада) көрсету. Ықпалдас жанрлармен салыстыру мемуардың ерекшелігін, тіпті олармен ортақ жанрлық белгілерін де көрсетеді.

Мемуарлық прозаның ретроспективтілігі тарихи, өмірбаяндық және т.б. өткенге қарағанда біршама өзгеше. Тарихи маңызды деп саналатын өткенге бет бұру уақыт өте келе шексіз емес, адам өмірінің ұзақтығымен шектеледі, ал бір шығарманың ішінде уақыттың өзгеруі, оның әртүрлі қабаттарын қамтуы мүмкін: азды-көпті алыс қашықтықта өткен, қазіргі заманға көшу, бұл уақыт өте келе автордың тарихи санасының күшті өткенді корреляциялау құралы ретінде қызмет етеді.

Мемориалдық мемуаристика – бұл атаудың анықтайтыны оның органикалық сапасы (memoria (лат.) - жад). Өзінің өмірлік тәжірибесімен негізделген есте сақтауды жеткізуге бағдарлау мемуаристиканы санаға ғана емес, оқырманның эмоцияларына да әсер етудің күшті құралына айналдырады. Мемориалдық мемуар бастапқыда екі жақты бағытқа ие: сыртқы (болжамды оқырман) және ішкі, автордың өзіне белгілі жағдайларды ұйымдастыруға және түсінуге деген ұмтылысын көрсетеді.

Жалпы мемуарлық прозаның ең негізгі жанрларының бірі – очерк. Әдебиет пен журналистиканың қоғамдағы көкейкесті, өткір мәселелерін қозғайды. Очерктің мақсатының өзі – нақтылы саяси, экономикалық, әлеуметтік, философиялық мәселелерді көтере отырып, өз кезеңіндегі қоғамға ықпал етуге талпыну. Очерк түрлерінің әрқилы мақсатқа орай өзіндік стилі бола отырып, сендіру, ұйымдастыру, иландыру тәсілдерін де пайдаланады.

Адамның қолымен жасалған өнердің ішіндегі ең өміршеңі әдебиет десек, әдебиет жанрларының ішіндегі сан-салалы мол мүмкіншіліктерге ие, өмір болмысына артық бояу жақпай, шындық шеңберінде нақты да дәл суреттейтін очерк жанры десек қателеспейміз. Қазақ тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, әдет-ғұрпы мен салт-санасын, тілі мен ділін қарапайым халыққа таныту мен насихаттауда очерктің атқаратын рөлі айрықша.

Очеркке қойылар талап – нысанасы дәл, мағлұматтары айқын, нақты өмірде болған оқиғалар тізбегінен тұратын, сол оқиғалар белгілі бір дәрежеде дәлірек бейнеленетін, қатысушылары өмірде болған адамдар. Сонымен қатар очерк жанры бейнелі түрде елестете баяндайтын және бейнелі хабарлау функцияларын да атқарады. Очерктің өзге жанрлардан тағы бір ерекшелігі жиі өзгерістерге ұшырап, әр дәуірдің талабына сай бейімделіп отыратын қасиетке де. Очеркте де бейнелеу, көркемдеу құралдары кеңінен пайдаланылады, белгілі бір идеяны айшықты да әсерлі етіп жеткізуде таптырмайтын құрал деуге болады. Очеркші туындысының пәрменді де нанымды болуы үшін әлеуметтік, мәдени, саяси қырағы болуымен қоса, сол кезең ағымына сай тақырып таңдай білуі аз, сонымен бірге жазылатын очерктің композициялық құрылымы, сюжеті, тілдік, стильдік құралдары үйлескен жағдайда ғана туынды шеберлік биігіне көтеріледі [11, 16].

Қандай үлгіде жазылса да мемуарлық очерктер көркем шығарманың санатына жатады және оның өмірбаяндық, күнделік, естелік ретінде жазылған үлгілері көркемдік тәсіл үлгілері болып қабылданады. Мемуарлық очерктерде автор өмірде болған оқиғаларды негізге ала отырып, болған, өзінің басынан кешкен оқиғалары мен құбылыстарына жүгінеді. Сонымен қатар, мемуарлық көркем очерктерде белгілі бір кезеңнің тарихи, саяси, әлеуметтік кезеңдері қамтылып, жинақталады. Очеркші өзі өмір сүрген кезеңдегі әртүрлі адамдарды өз көркем очеркіне арқау ете отырып, ондағы кейіпкерлердің іс-әрекетін, мінез-құлқын, жан-дүниесін бейнелеу арқылы сол кезеңнің көрінісі мен сипатын суреттеуге тырысады. Яғни, бұл мемуарлық көркем очерктерде сол кезеңнің уақыт тынысының әсері, өткен шындыққа авторлық бағаның берілуі басым түсіп жатады. Көркем очерктің басқа түрлерден артықшылығы – өткен, болған жайларға баға берушілік, баяндалып отырған оқиғалардың автордан басқа да куәгерлерінің бар екені. Демек, баяндалған оқиға, суреттелген іс-әрекеттер неғұрлым деректі материалдар мен нақты фактілерге көбірек жүгініп жазылса, соғұрлым өмір шындығы да терең ашылғаны. Мемуарлық очерктерде деректілік пен нақтылық қатар жүрсе де автордың көзімен көріп, басы-қасында болған оқиғаларды баяндағанда автор өз түсінігі, өзінің сол оқиға немесе құбылыстарға жеке көзқарасы арқылы баға беру жағы басым болады, яғни, авторлық баға берушілікке көп мүмкіндік жасалады.

Біріншіден, мемуарлық көркем очерктерде нақты фактімен сөйлеу, деректілік, өмірдің шындығымен сөйлеу жағы басым жатады. Екіншіден, мемуарлық очерктерде өмір танытқыштық, өткенді жинақтап көрсету, қорыта сөйлеу, жинақты түрде бейнелеу қасиеті де бар. Осы қасиеттер біріккенде ғана мемуарлық көркем очерктің мазмұны мен көркемдік сапасы өз дәрежесінде шығады. Мемуарлық очерк жазу үшін автордың өмірлік тәжірбиесі мол, сөз етуге тұрарлық оқиға, құбылыстарды дұрыс таңдап қана қоймай, үлгі-өнеге боларлық тұстарды саралау шеберлігі де болуы шарт. Жазушы басынан өткен нақтылы өмір құбылыстары, оның сыры, қайшылықтары терең ұғылмай, терең зерттелмей, тарихи және қоғамдық шындық жан-жақты сарапталмаса, тәлімдік-танымдық қасиеті мол туынды жасалмайды. Очеркші өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдырғанда ғана рухани ләззат аларлық туынды өмірге келеді. Мемуарлық очерктердің басқа шығармалардан айырмашылығы - құжаттық-деректік тұрғыдан неғұрлым нақты болады және автор өз көзімен көрген, білген оқиғаларын шығармасына арқау етеді [12, 161].

Қалыптасқан әрбір жанрдың өзіндік қасиет, сипаттары болатыны белгілі. Осы жанрлық өзгешеліктер көркем очеркте де сақталған. Ол қашан да нақтылы құжаттарға, статистикалық мәліметтерге, фактілерге, сүйеніп отырады. Көркем очеркте өмір

шындығы басқа жанрлардағыдай «ойдан шығарылмай» сол қалпында берілетіндігімен ерекшеленеді. Ақын, жазушы көркем шығармаларында өмір құбылысын, адам бейнесін өмірде көрген қалпында бұлжытпай, ешнәрсе қоспай суреттей алмайды. Ойланып, толғанып, шығармашылық фантазиясынан өткізіп, өмір шындығын бір идеяға бағындырып барып жазады. Ал көркем очеркте өмір шындығын мүмкіндігінше сол қалпында беріп, автор фактіден ой түйіп екшеп шығаруға тырысады.

Қорытынды

Мемуарлық шығармалардың ерекшелігі негізінен тарихи оқиғаларды, деректерді, фактілер мен құбылыстарды кейінгі ұрпаққа сол қалпында жеткізу болғанымен, бір жағынан, өткен оқиғаның сипаты едәуір көркемделіп, эстетикалық тұрғыдан айшықталуында болып отыр. Бұдан аңғаратынымыз мемуарлық туындылар мейлінше көзкөргендердің естеліктеріне, құжаттарға негізделіп, әрі автордың өз естеліктерімен жүзеге асады. Материалдарды іріктеу мен құрылымдық желі қалыптастыру, оқиғаларға өзіндік баға беруде автордың көзқарасы мен ұстанымы маңызды рөл атқарады. Көркем әдебиетте негізінен ойдан шығарылған оқиғалар мен кейіпкерлер әрекет етіп жатса, мемуарларда көркемдік сипат пен деректілік қоса өрбіп отыруы арқылы жазба әдебиеттің ерекше түрі жасалады.

Мемуарлық прозаның репортаж, очерк сияқты журналистік жанрлардан басты айырмашылығы – ол сөз етілетін құбылыстың не оқиғаның ауқымды кезеңін қамтуы мен көркемдік сипаттармен баяндалуы. Ғылыми немесе тарихи зерттеулерге қарағанда мемуарлық шығармада оқиғалардың жанды суреті, адамдардың психологиялық бейнесі қатар өрбиді. Тақырып аясында қарастырылатын кейбір мәселелер айшықталып, әдебиеттану ғылымындағы жанрлық сипаты толықтырыла түседі.

Мүдделер қақтығысы

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі. З.Т. Галымжанова – мақаланың негізгі идеясы мен тұжырымдамасын айқындап, зерттеу материалдарына талдау жүргізді, қорытындысы мен мақаланың рәсімделуіне үлес қосты. Қ.М. Байтанасова – зерттеу жұмысының жалпы құрылымын, әдіснамасын, саралап, негіздеді, мақаланы сыни тұрғыдан қайта қарап, деректердің дұрыстығын тексерді.

Әдебиеттер тізімі

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі/ [құраст.: З. Ахметов, Т. Шаңбаев]. – 2-бас. .. – Алматы : Ана тілі, 1998. - 383 б.
2. Ақыш Н. Қазақ мемуарлық романы. – Алматы: Арда, 2010. - 415 б.
3. Қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақстан даму институты, 1999. - 745 б.
4. Дамилова Н., Батырбекова Э., Закирова Б. Жанровые особенности мемориальных произведений // Бюллетень науки и практики. – 2022. – №6. – С. 803-807. DOI: <https://doi.org/10.33619/2414-2948/79/34>
5. Советский энциклопедический словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1979. – 1600 с.

-
6. Словарь русского языка. В 4 т. Т.2. – Москва: Рус. яз., 1982. – 736 с.
 7. Пospelов Г. Проблемы исторического развития литературы. – Москва: Наука, 1972. – 272 с.
 8. Бейсенбаева Р. Мемуар табиғаты жөнінде бірер сөз // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – №138 (4). – Б. 13-14. – URL: <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1023> (қаралған күні: 07.04.2024)
 9. Тартаковский А.Г. 1812 год и русская мемуаристика. – Москва, 1980. – 313 с.
 10. Колядич Т. Воспоминания писателей XX века: Проблематика. Поэтика. Автореферат на соиск.докт.фил.наук. – Москва,1999. -35 с.
 11. Abdumanatovna A., Aymuhambet J. The poetic interpretation of a binary opposition in the structure of myth. Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities. – 2017. – Vol. 9. – № 1. – p. 11-20.
 12. Шыңдалиева М. Уақыт және суреткерлік шеберлік: жанрлар поэтикасы. – Астана: «Нұра-Астана», 2008. – 292 б.

З.Т. Галымжанова, К.М. Байтанасова*

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Межжанровый характер мемуаров

Аннотация. В статье рассматриваются особенности мемуаров - одного из жанров романа, являющегося своеобразным эпосом в литературе. Дается описание оригинальности и сходных черт мемуаров и очерков, биографий, путевых заметок и других подобных документально-художественных произведений. Руководствуясь мнением ученых-исследователей, основные черты мемуарных романов индивидуализированы, хотя достоверная информация делает его похожим на публицистику, через некоторые особенности мемуаров предпринята попытка раскрыть его принадлежность к художественной литературе. Мемуары широко используют элементы документальных жанров художественной литературы: биографические рассказы, исторический роман, хроника, роман-автобиография, очерк, дневник, путевые заметки, письма, эссе (роман-эссе, повесть-эссе) и др. (Они используются в мемуарах как исторический факт, а в художественной литературе - как художественный метод). Мемуары, мемуары и эссе, мемуары не только продолжают давние традиции повествовательного жанра в нашей литературе, но и, отвечая на духовные запросы читателя, расширяют творческий кругозор словесников и совершенствуют их литературное мастерство. Доказывается, что жанр мемуаров представляет собой синтетическую структуру, сочетающую в себе элементы очерков, дневников, эпистолярных произведений, автобиографических рассказов, повестей, романов, хроник, публицистических статей, заметок, репортажей.

Ключевые слова: мемуарные романы, автобиографическое повествование, рассказ о путешествии, ретроспектива, дневник, очерки, документальность.

The inter-genre nature of the memoirs

Abstract. The article examines the features of memoirs, one of the genres of the novel, which is a kind of epic in literature. The article describes the originality and similarities of memoirs and essays, biographies, travelogues, and other similar works of documentary fiction. Guided by the opinion of research scientists, the main features of memoir novels are individualized, although reliable information makes it look like journalism, through some features of memoirs, an attempt has been made to reveal its belonging to fiction. Memoirs widely use elements of documentary genres of fiction and literature: biographical stories, historical novel, chronicle, novel-autobiography, essay, diary, travel notes, letters, essays (novel-essay, novella-essay), etc. (They are used in memoirs as a historical fact, and in fiction as an artistic method). Memoirs, memoirs and essays, memoirs not only continue the long-standing traditions of the narrative genre in our literature, but also, responding to the spiritual needs of the reader, expand the creative horizons of wordsmiths and improve their literary skills. It is proven that the genre of memoirs is a synthetic structure that combines elements of essays, essays, diaries, epistolary works, autobiographical stories, novellas, novels, chronicles, journalistic articles, notes, and reports.

Keywords: Memoir novels, autobiographical narrative, travel story, retrospective, diary, essays, documentary

References

1. Adebiettanu. Terimder sozdigi [Literature Studies. Terminology Dictionary]. (Almaty, 1971, 388 p.) [in Kazakh]
2. Akysh N. Kazakh memuarlyk romany [The Kazakh memoir novel]. (Almaty, 2010. 415 p.) [in Kazakh]
3. Kazakh adebieti [Kazakh literature]. (Almaty, 1999. 745p.) [in Kazakh]
4. Danilova N., Baatyrbekova E., Zakirova B. Zhanrovye osobennosti memorialnykh proizvedenii [Genre features of memoirs]. <https://doi.org/10.33619/2414-2948/79/34> [in Russian]
5. Sovetskii encyklopedicheskii slovar [The Soviet encyclopedia]. (Moscow, 1979. 1600 p.) [in Russian]
6. Slovar russkogo yazyka [Dictionary of the Russian language]. In 4 volumes, vol. 2. (Moscow, 1982. 736 p.) [in Russian]
7. Pospelov G. Problemy istoricheskogo razvitiia literatury [Problems of historical development of literature]. (Moscow, 1972. 272 p.) [in Russian]
8. Beisenbaeva, R. Memuar tabigaty zhoninde birer soz [A Few Words About the Nature of memoir]. Bulletin of KazNU. Philological Series, 4, 13-14 (2012). [in Kazakh]
9. Tartakovsky A. G. 1812 god i russkaia memuaristika [1812 and Russian memoiristics]. (Moscow, 1980, 313 p.) [in Russian]
10. Kolyadich T. Vospominaniia pisatelei XX veka: Problematika. Poetika [Memoirs of writers of the twentieth century: Problematics. Poetics]. Abstract for a PhD in Philology. (Moscow, 1999, 35p.) [in Russian]

11. Abdumanatovna A., Aymuhambet J. [The poetic interpretation of a binary opposition in the structure of myth. *Rupkatha Journal on Interdisciplinary Studies in Humanities*], 9(1), 11-20 (2017).

12. Shyndaliev M. Uakyt zhane suretкерлік: sheberlik zhanrlar poetikasy [Time and artistic skill: poetics of genres]. (Astana, 2008, 292 p.) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Галымжанова З.Т. – PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: zaure.galymzhanova@mail.ru, ORCID: 0009-0002-5622-652X.

Байтанасова Қ.М. – хат-хабар үшін автор, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан. E-mail: k.baitanasova@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5747-6147.

Galymzhanova Z.T. – PhD student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: zaure.galymzhanova@mail.ru, ORCID: 0009-0002-5622-652X.

Baitanasova K.M. – corresponding author, Candidate of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, E-mail: k.baitanasova@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5747-6147.

Галымжанова З.Т. – PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: zaure.galymzhanova@mail.ru, ORCID: 0009-0002-5622-652X.

Байтанасова К.М. – автор для корреспонденции, кандидат филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан. E-mail: k.baitanasova@mail.ru, ORCID: 0000-0001-5747-6147.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).